А.Б. БЕЙСЕНТАЙ

МАҒЖАН ЖӘНЕ ІЗДЕНІС АРНАЛАРЫ

Шығармалары өз тұсында да, одан кейінгі аралықта да ешкімді бей-жай қалдырмай, сан қилы пікір, әр алуан көзқарас тудырған, өнерпаздық тағдыры аса күрделі шығармашылық тұлға – Мағжан Жұмабаев.

1913 жылы Қазан қаласында "Шолпан" аталатын тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрген сәттен бастап, М.Жұмабаев шығармашылығы, тіпті әр туындысының өзі жалпы жұрт назарынан да, әдеби қауым назарынан да елеусіз, ескерусіз қалмады. Оның ең басты себебі ақын Мағжанның шығармашылық тұлға ретінде аса жоғары деңгейден табылғандығы екендігі даусыз.

М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты үлкенді-кішілі зерттеулер ақын ақталған 1989 жылдан бергі аралықта үздіксіз жүргізіліп, уақытылы жарияланып келеді. Зерттеулер нәтижесі әдеби қауымға да, қалың жұртшылыққа да жақсы мәлім. Сол себепті ақын Мағжанға қатысты белгілі жәйттерді қайталай қазбалап, тізбектей бергеннен гөрі, ой тарқатуға қажеттігі бар мәселелерді жинақтай пайдаланғанды, пікір өрбітуге септігі тиер дерек-мағлұматтарды іріктей қолданғанды жөн көрдік.

Сонымен "Шолпаннан" бүгінге дейін ұласып жатқан Мағжан шығармашылығына қатысты алуан көзқарастағы ой-пікірлерді, баға-тұжырымдарды негізгі мазмұнына, жалпы сарынына қарай жұптастыра қарасақ, оларды үш кезеңге бөле топтастыруға болатынын байқаймыз.

Оның біріншісі – Мағжан талантын тану, оның ақындық қуатының ішкі мазмұн жағынан да, сыртқы түр үлгісімен де өзгелерден ерекшелігін ашық немесе іштей мойындау кезеңі. Бұл кезеңді Мағжанның ақындық ілкі қадамы "Шолпаннан" басталып, шамамен 1937 жылға дейін созылды деуге болады. "Шамамен" дейтін себебіміз – ақын шығармаларынан саяси астар іздеу, қаралауға ұмтылу әрекеттерінің 1937 жылдан ертерек басталғаны белгілі. Алайда бұл жылдары, жалпы алғанда, Мағжан талантының басымдығына ден қою айқын аңғарылады.

Осы кезеңде ұлттық әдебиетіміздің көшін бастаушылар қатарында М.Жұмабаев шығармашылығына көз салып, пікір айтпаған қаламгер некен-саяқ десек, жаңылыса қоймаспыз. Мәселен, Ж.Аймауытов Мағжанның ақындығы жайында ой қозғаған мақаласында: "Басқа жұрт өз

өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ" [1, 292], – деп ақын шығармашылығының келешегіне кәміл сеніммен қараса, М.Әуезов: "...Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. "Әдебиет әдебиет үшін" деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін" [2, 128], – деп Мағжан талантын барынша жоғары бағалайды. Сол жылдардың саяси-идеологиялық ахуалына орай, ақынның азаматтық ұстанымына, қоғамдық-саяси көзқарасына күмәні болғанымен, С.Мұқанов 1932 жылы жарық көрген "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі)" аталатын еңбегінде: "Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ" [3, 283], – деген пікір түйеді.

Ақын шығармашылығын сан-саққа жүгіртіп, шығармаларынан әр қилы астар іздеу, көзқарасына күмән келтіру, жеке басына соқтығу сияқты әрекеттер әлсін-әлсін әр тұстан көрініс беріп тұрғанымен, тұтастай алғанда, бұл кезеңде М.Жұмабаев шығармашылығының көркемдік деңгейінің биіктігіне ден қою айқын көрінді.

М.Жұмабаевтың шығармашылық тағдырына қатысты екінші кезең ақын тұтқындалған 1937 жылдың желтоқсанынан басталып, жазықсыз жаладан ақталған 1989 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл аралық алғашқы кезеңнің кеңестік жылдарында ақын шығармашылығына саяси мазмұн беруге ұмтылып, сол арқылы оның туындыларын тұтастай мансұқ етуді көздеген мақсатты әрекеттің шегіне жетуімен көзге ұрады. Мағжан шығармашылығына қатысты ашық пікір қозғау түгілі, оның атын әдебиет тарихына қатысты айтудың өзінің жолы кесілді, әлдеқалай сөз арқауына айналған жағдайда ой мазмұны бір жақты қаралау, терістеу, аластау сыңайында болды.

М. Жұмабаев шығармашылығына шүйілігудегі негізгі мақсат әлеуметтік ой-санаға әсерықпалы айрықша болған ақынның есімін де, еңбектерін де тұншықтыру арқылы ұлттық сана кеңістігін кеңестік саяси шеңбер аясында шыжымдап ұстауға бағытталды. Мұндай жағдай Мағжанмен тағдырлас өзге де зиялыларға тән.

Ұлттың шығармашылық-көркемдік ой дүниесінде көркемдік тұрғысынан әлемдік деңгейдегі биіктіктен көрінген Мағжан тектес тұлғаларды жоққа шығаруға, жоюға ұмтылғанда көзделген мақсат жеке таланттардың есімін, еңбегін ұлт тарихынан өшіру ғана болған жоқ. Өйткені дүние жүзіне өзінің артықшылығын қандай жолмен болса да дәлелдеуге ұмтылған кеңестік-коммунистік жүйе үшін бұл аздық етер еді. Түпкі мақсат "кеңестік қоғам орнағанға дейін қазақ тектес халықтарда үлгі тұтар мәдениеттің ізі де болған жоқ, олардың мәдени жетілуі тек кеңестік-коммунистік жүйенің артықшылығы нәтижесінде ғана мүмкін болды" деген пікірді барша адамзат алдында ақиқат ретінде орнықтыру болды. Сол үшін де кеңестік кезеңге дейін қазақ сынды ұлттардың тарихына тән болған қандай да бір мәдени даму көріністерін, әсіресе, коммунистік билік кезеңіне жақын жылдардағы өрлеу үрдістерін санадан өшіруге мейлінше мүдделі болды. Себебі уақыт жағынан жақын тұрған шындықты халық жадынан өшіре алған жағдайда арғы тарих еншісіндегі кез келген ақиқатты жоққа шығару қиындыққа түспеген болар еді.

Өткен ғасыр басында ұлт өмірінде жарқырай көрінген біртуар зиялылардың басына жаппай зауал тууы сондықтан. Дәл осы мәселеге басқаша қырынан келер болсақ, ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратудың түпкі себебі олардың талантына, біліміне, көзқарасына тән артықшылықтарды анық танудан, іштей мойындаудан туындағанын аңғару қиын емес. Бұл жағдайдың өзі Мағжан ақын талантының кеңестік жылдарда да іштей мойындалғанын, алайда кезең идеологиясына қолайсыз болғандықтан, билік мүддесіне үндеспегендіктен, шындықтың жолы кесілгендігін байқатады.

Осы орайда айта кету орынды, кеңестік билік сан алуан ұлт мәдениеттерінің дамуын қолдан тежеу мүмкін еместігін түсіне алмады деу жаңсақтық болар еді. Дамуға кедергі жасауға ұмтылу орынсыз әрекет боларын билік анық білді, алайда ұлттар тарихына қатысты қандай да бір дамудың бастауын да, өркендеу себептерін де тек қана өз идеологиясының дұрыстығымен, кеңестік өмір-

дің артықшылығымен байланыстыра көрсетуге ұмтылды. Оның салдары ұлт тарихындағы біртуар таланттар үшін де, тұтас ұлт үшін де трагедия болып шықты. Мағжан шығармашылығын ел жадынан өшіруге барынша күш салынған екінші кезеңнің өзі кеңестік-коммунистік биліктің ақын талантының артықшылығын іштей мойындағанын, сол себепті де жоққа шығаруға барынша мүдделі болғанын көрсетеді.

Шығармашылық мұрасын туған халқының рухани қазынасына айналдыру, сол мақсатқа орай, шығармаларын барлық қырынан зерделей зерттеу, тереңіне бойлау, тылсымына дендеу әрекеті М.Жұмабаев шығармашылығының тарихи тағдырындағы үшінші кезең еншісіне тиесілі. Бұл кезең өткен ғасырдың 89-жылынан басталған болатын. Содан бергі жылдарда М.Жұмабаев қаламынан туған дүниелердің қай-қайсы да салиқалы зерттеулердің арқауына айналып келеді. Үлкенді-кішілі сол зерттеулердің бәрінде айқын танылатын, ашық айтылатын бір шындық бар. Ол шындық – Мағжан талантының бірегейлігі, қалдырған мұрасының елімен бірге мәңгі жасайтындығы, ақынның ұлылығы. Бұл тұста Мағжан әлеміне ой көзін салған ғалымдардың бәрі үндес. Мәселен, С.Қирабаев: "Сөз жоқ, қазақ ақындарының бәрінде де ұлттық кейіп, бейне, тіл, ұғым бар. Бірақ оның қай-қайсы болса да, Мағжанмен салыстыруға келмейді. Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым-сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ әлемінің жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен болса да жоғары. ...Мағжан суреткерлігі бүкіл қазақтың өмір үшін күресі мен қайғысын тұтас қамтиды. Халықтың сан-салалы тіршілігінің ол үшін бөтені жоқ. Бәрі де Мағжан қаламында өлең боп ойнап, сыңғырлап, сылдырлап, жалтырап кетеді. Барлық ұлы ақындар сияқты, Мағжанға да шындықты сезінудің сиқырлы күші дарыған. Оның тіл ұшына үйіріле кететін, жеңіл оқылатын, мөп-мөлдір, қарапайым өлең жолдары кімге де болса "мен неғып осылай айтпағам" дегізеді. Көптің көңілінен шығу, оның ойын осылай дөп басу – ұлылықтың белгісі" [4, 94-95], – деп түйсе, Ш.Елеукенов: "Әдебиет әрқашан жалқы есімдерден тұрады. Жалқы дегенде алдымен өнер иесі талантының даралығы мағынасында айтып отырмыз. Көркем дүниенің ойдан-қырдан жинаған ой құрағына жаны қас. Қайталанғанды, күйіс қайырғанды маңайына жуытпайды. Өйткені нағыз көркем туынды – кілең бір материкті ашқанмен пара-пар. Көркем творчество – соны пікір, жаңа характер, бұрын құлақ естіп, көз көрмеген образ, идея, жаңа тіл.

Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетіне осындай өз жаңалығымен келген ақын. Мағжандай қаламгері бар әдебиеттің үлкен мүмкіншілігі, жарқын болашағы еш күмәнсіз" [5, 75], – деген сенімді тұжырымды алға тартады. Р.Нұрғалидың пікірінде: "...Мағжан поэзиясы зеңгір көкпен, тәңір пайғамбармен мәңгі тілдескен заңғар шыңындай болып, таза ақындықты сақтады, ол бір тақырыптың, бір кезеңнің, тіпті бір таптың жыршысы болып кетпей, уақыттардың желі құлата алмайтын алтын діңгек, әлемдік, планетарлық әуез-сарындармен тамырлас, өлмес туындылар берген ұлттық ақын болып қала береді" [6, 334].

Байқалып тұрғандай, шығармашылық тағдырының қай кезеңіне назар аударсақ та, Мағжан талантының даралығы, ақындық ұлылығы мойындалғаны көрінеді. Мойындау әрекетінің қандай сипатта көрініс бергендігі, нәтижесі яки салдары қандай болғандығы – бөлек әңгіме. Бізге қажеттісі – XIX ғасырдың соңғы он жылдығында туып, небары қырық төрт жыл ғұмыр кешіп, оның ішінде жиырма төрт-жиырма бес жыл ғана шығармашылықпен айналысып үлгерген қазақ ақыны М.Жұмабаев талантының баршаны таңдандыру себебі.

Мағжан Жұмабаев сөз жоқ, әлемдік деңгейдегі арғы-бергі ақындармен еркін иық теңестіре алатын талантты ақын. Бұл – бүгінде аксиомаға айналған ақиқат. Бұл тұрғыда басқаларды айтпағанның өзінде, 1923–1927 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде дәріс берген ұстазы, орыс ақыны В.Брюсовтың Мағжанды "Қазақтың Пушкині" деп атауы, жазықсыз жаланың кесірінен ақынның атын атаудың өзі мүмкін болмай қалған тұста башқұрт елінің халық жазушысы Сәйфи Құдаштың 1969 жылы Қазақстан Жазушылар одағының басқармасына арнайы хат жолдап, ол хатында: "Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М. Жұмабаев поэзиясы А.Ахматова, Б.Пастернак, А.Блок творчествосын еске салады" [7], – деп бағалауы Мағжан ақынның шығармашылық-көркемдік тұрғысынан жалпы адамзаттық биіктікті игерген талант екендігін көрсетеді.

Әлемдік деңгейдегі шығармашылық тұлғалармен иық теңестіру үшін бірегей талант болып жаратылу қажеттігі даусыз. Алайда жалғыз талант қуатымен қандай өнерпаздың да адамзаттық көркемдік асқарынан көрінуі неғайбіл. Талант қуатына қуат үстелу үшін білім керек, қажетті білімге қол жеткеру үшін мақсатты да толассыз ізденіс қажет. Ізденістің қай арнада өріс табуы шығармашылық адамының адамдық болмысына тән қызығушылық бағыттарына тікелей байланысты болмақ.

Бұл тарапта ақын Мағжанның өзі де адам баласының басты мұраты тіршілік дүниесінен

лайықты орын табу екендігін, ол үшін адал еңбек, толассыз ізденіс керектігін, бейнетсіз игілікті зейнетке қол жеткізу мүмкін еместігін ашып айтады. Бұл – ақын Мағжанның өмірлік мақсатын да, азаматтық ұстанымын да айқындаған ойы болғаны анық. Ақынның "Құрбым" аталатын өлеңінде:

Бұл жалған ойын емес, бейнет жері,
Қылғанға адал еңбек зейнет жері.
Жалғанның бір мүшесі бола алмассың,
Қиналып, мандайыңның ақпай тері.

Қорықпа, ұмтыл, соқса дауыл, ескегінді ес,
Деп жатпа: "Алма піс те, аузыма түс!"
Бейнет, еңбек қылмасаң – босқа өлгенің,
Құрғақта қайық жүрмес, үмітіңді кес! –

деп жырлауының себебі де сондықтан.

"Жалғанның бір мүшесі" болуға жеткізетін еңбектің қандай мазмұнда болмағы адам баласының жаратылысына, мінез-құлқына, мақсат-мұратына, қызығушылық бағыттарына байланысты. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық тұлға ретінде адамзаттық алыптар қатарынан табылуының бір сырын осы тараптан, яғни ақынның шығармашылық ізденіс бағыттарын айқындаған адами болмысына тән қасиеттерден іздеу абзал. Ол үшін, бірінші кезекте, ақынның адам ретіндегі арман-аңсарларының, мақсат-мұраттарының, үміт-сенімдерінің, қызығушылықтарының, үлгі-идеалдарының қандай сипатта болғандығына және де бұл қасиеттердің ақын бойында сол сипатта қалыптасуына қандай жағдайлардың, құбылыстардың әсер еткендігіне назар аудару қажет.

Осы орайда тағы бір мәрте Ж.Аймауытов пікіріне көңіл бұрсақ, ол ақын шығармашылығы жайында ой тарқата келіп, бір кезек: "Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған. ...Бір ақын көп еліктесе, сол көп еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде орыс, қазақ, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі көңіліне жақса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар" [1, 280], – деп қызықты пікір айтады және ақын Мағжанның көркемдік түр іздеу барысында түрлі бағыттағы орыс ақындарына еліктегеніне тоқталып кетеді.

Ж.Аймауытовтың осы пікіріне орайласа туындайтын бірнеше жәйт бар. Оның біріншісі – Ж. Аймауытов қолданған "еліктеу" сөзінің мағынасы қазіргі қолданыстағы "еліктеумен" тура мәндес болып табылмайтындығы. Сол себепті оның "Мағжан – еліктегіш ақын" деген пікірін тым қарабайыр мағынада жеңіл қабылдамаған абзал. Ақын Мағжанның еліктегіштігі жаңа жаза бастаған балаң ақындарға тән сырттай қызығушылық, өзіне ұнаған ақынға сырттай ұқсауға ұмтылу емес.

Мағжан "еліктегіштігінің" мәні басқа. Оның сырына бойлау үшін Мағжанның "еліктегіштігіне" екі тұрғыдан назар аударған жөн болмақ.

Бірінші кезекте, Мағжан ақынға шығармашылық тұлға ретінде ғана емес, қарапайым адам ретінде зер салу керек. Бұл тұста оның адам ретіндегі қасиеттерін, өзіндік ерекшеліктерін, мінезін, қызығушылықтарын, арман-мақсатын, түрлі кезеңдерде оған өз маңайындағы ортаның тигізген әсерін, оқып-білген немесе өзі тікелей араласқан сыртқы мәдениеттердің әсерін ескермеске болмайды.

Бұл орайда белгілі мағжантанушы Ш.Елеукеновтің "Мағжан Жұмабаев" аталатын мақаласында келтірілген ақынның өз мінезіне өзі берген бағасы назар аудартады. Мағжан өзі жайында: "Адам баласы бір орында қатып-семіп тұрып қалмайды. Әсіресе біреудің басынан сөз асырғысы келмейтін мен секілді жандар" [8, 21], – дейді.

Ақынның осы сөзіне зерделей қарасақ, оның ұдайы ізденіс үстінде, ұдайы әрекет үстінде жүргендігін аңғарамыз. Мағжан ақынның дәл осылайша толассыз ізденуінің себебі – өз сөзімен айтар болсақ, "басынан сөз асырғысы келмейтін" мінезінде жатыр. Бұл тұста ақын қолданып отырған "басынан сөз асырмау" деген тіркесті де тым жеңіл қабылдамағанымыз абзал. Ақынның айтып отырғаны – қай істе де, қай уақытта да екінші болуды ұнатпайтындығы. Бұл дегеніміз – ақын Мағжанның жаратылысына үнемі бірінші болуға құштарлық, көшбасшылық қасиет тән деген сөз.

Мінез – адам баласының өмір салтын, тіршілік сипатын, өмірлік бағыт-бағдарын айқындайтын қасиет. Және ол адамға уақыт өте келе сырттан жұғыса кететін нәрсе емес, туа бітті қанға даритын қасиет. Демек Мағжан ақынның жаратылысына тән әркез бірінші болуға құштарлық, өзгелерден артық тұруға ұмтылу сияқты қасиеттер оның бала кезінен бастап-ақ түрлі бағытта, түрлі арнада тынымсыз ізденуіне себеп болғаны сөзсіз.

Мағжанның "орыс, қазақ, татар, араб деп талғамай еліктеуі" оның өзі оқып-білген, өзіне әсер еткен ақындардың шығармаларындай шығарма жазып көруге, өзін сынап байқауға құштарлығынан, туа бітті мінезінен туындап жатқан әре-

кет. Бұл әрекеттің келесі кезегінде олардың қайқайсынан да асып түсуге ұмтылыс жатыр. Мағжан болмысына тән дәл осы білуге құштарлық қасиеті оны өмірдің қай саласында еңбек жасаса да, үлкен нәтижелерге жеткізері анық еді. Олай болса, "Мағжан – еліктегіш" дегенде, оның "еліктегіштігі" бірінші кезекте нені болса да танып-білуге және өзінің танып-білгенін жасап көруге құштарлығынан туындап жатқан әрекет екендігін дұрыс түсінгеніміз абзал.

Мағжан "еліктегіштігінің" екінші бір қыры да осы орайдан келіп шығады. Ол – Мағжанның шығармашылық иесі, ақын болуына байланысты. Бұл орайда шығармашылық психологиясы мәселелерін зерттеуші орыс ғалымы А.Н.Луктың: "Творческие способности сами по себе не превращаются в творческие достижения. Чтобы получить результат, добиться творческих достижений, необходимы желание, воля. Психика человека обусловлена его общественно-историческим развитием. Это относится к высшему проявлению человеческого духа – творческой деятельности, которая возникает из общественных потребностей. Социальные воздействия превращают врожденные влечения и задатки в систему творческих способностей" [9, 64], – деген пікіріне ден қоюға болады.

Әрине, шағын мақалада ақын болмысы мен талант құдіретінен туған барша мәселелерді қамту мүмкін емес. Алайда дәлелдеуді қажет етпейтін бір мәселе бар: ол – қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Мағжан дарыны.

ӘДЕБИЕТ

1. *Аймауытов Ж.* Мағжанның ақындығы туралы // Бес арыс. Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құрастырған Д.Әшімханов. Алматы: Жалын, 1992. 544 б.

2. *Әуезов М.* Мағжанды сүйемін // Ұлттық поэзия падишасы. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. 314 б.

3. *Мұқанов С.* XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). Алматы: Қазақстан, 1932. 283-б.

4. *Қирабаев С.* Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001. 448 б.

5. *Елеукенов Ш.* Мағжан Жұмабаев. Алматы: Рауан, 1991. 76 б.

6. *Нұрғали Р.* Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. Бір томдық. Алматы: Жазушы, 2000. 400 б.

7. *Құдаш С.* Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев // Қазақ әдебиеті. 23 желтоқсан. 1988 жыл.

8. *Елеукенов Ш.* Мағжан Жұмабаев // Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2005. 1-т. 208 б.

9. *Лук А.Н.* Психология творчества. М.: Наука, 1978. -128 с.

Резюме

В статье указана все проблемы рожденные талантом акына. Казахскую поэзию на мировой уровень поднял Магжан, и это доказывает что он талантливый акын мирового уровня. Описывается что на определенные творчествого пути повлиял врожденный характер акына.

Summary

The article defines all the problems revealed by the akyn's talent. The fact that Kazakh poetry has been put on international level shows akyn's inborn talent. Magzhan Zhumabayev's special state of mind affected definite creative periods of his poetry.